

Жамелов Б.А.,* Тұрсынбек Е.Н., Шекер Т.У.

магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
18-3тк тобының студенті, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
18-3тк тобының студенті, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ЕЛ ҮШІН ЖҮРЕГІН ЖАЛАУ ЕТКЕН ТҰЛҒА

Автор корреспондент: zhamelov.baglan@bk.ru

Түйін: Тұрар Рысқұлов қазақ халқының ұлы перзенті, ол қазақ елінің болашағы жарқын әрі аспаны ашық болуы үшін күресіп, бүгінгідей бейбіт күнді аңсап кетті және тәуелсіздік жолында жанын пидә еткен алты алаштың қайсар ұлы. Жастық шағынан жетімдікпен жоқшылықтық азабын тартады, бірақ өз халқына қызмет етсем деген алға қойған мақсатына адал болды. Тұрар Рысқұловтың мемлекет және халық алдындағы атқарған еңбегі орасан зор. Ол – талант иесі және халық қамын ойлаған алаш қайраткері, табиғатынан ерекше туған жан. Ол өз заманында миллиондаған халықты апаттан аман сақтап алып қалу үшін ойланбастан жеке басын қатерге тіккен ұлы қайраткер. Осындай қыруар еңбек тындырып, халқының бақыты үшін аянбай тер төккен асыл азаматты отаршылдық озбыр саясат өз халқына жер етіп көрсетіп, тәжірибесі молайып, кемеліне келген шағында мерт етті. Бірақ, халқы оның есімін ұмытқан жоқ және ұмытпайды.

Кілттік сөздер: Алаш , қоғам , қазақ , ұлт , саясат , халық , еңбек , шығарма , азаттық , рух .

Тұрар Рысқұлов қазақ халқының ұлы перзенті, ол қазақ елінің болашағы жарқын әрі аспаны ашық болуы үшін күресіп, бүгінгідей бейбіт күнді аңсап кетті және тәуелсіздік жолында жанын пидә еткен алты алаштың қайсар ұлы. Тұрар Рысқұловты жеке тұлға ретінде қалыптастыра айтқанда, ол кедей шаруа отбасында дүниеге келген және балалық шағынан бастап жоқшылық зардабын тартқан, анасынан тым ерте айрылған, ал жасөспірім шағында әкесіз жалғыз қалады. Тұрардың өмірінде үлкен құрметке ие тағы бір адам ол оның немере ағасы болатын, себебі ол Тұрарды ауылдан жыраққа алып кетіп көмек көрсеткен.

Тұрар Рысқұлов - мемлекет және қоғам қайраткері, Әулиеата уезіндегі 1916 жылғы ұлт- азаттық көтерілістің ұйымдастырушысы және басшысы. Әкесі Рысқұл Жылқайдарұлы шаруасы шағын ауылдың еті тірі, есті жігіті болған. 1904 жылы патша үкіметінің зорлық – зомбылығына қарсы шыққаны үшін он жылға сотталып, итжеккенге жер аударылды. Әкесінің қылмысты болып, түрмеге қамалуы он жасар Тұрардың былайғы өмірінің сол кездегі өзі тұрғылас қазақтың ауыл балаларының тірлігінен бөлек, басқа арнаға ауысуына себепші болады. Паналар басқа жер жоқ жетім Тұрар қашан әкесі сотталып, жер аударылғанша түрмеде, соның қасында болып, бас бостандығы жоқтардың бақытсыз күндерін солармен бірге бастан кешіреді. Теңсіздіктің, әділетсіздіктің небір сорақы түрлерін көзімен көреді. Сонда жүріп, бала болса да, оқымай, білім алмай болмайтынына көз жеткізеді. Бірақ, қанша ұмтылғанмен, ол кезде жетім балаға білім алу оңай емес еді. Ол тек 1907 жыла ғана әкесін білетін жақсы адамдардың көмегімен, онда да аты-жөнін өзгертіп, “Қырғызбаев” деген фамилиямен, Әулиеатадағы бұратаналарға арналған орысша бастауыш мектепке оқуға түседі. Бұдан кейін ол Пішпектегі ауыл шаруашылығы мектебін бітіріп, Ташкенттегі мұғалімдер институтына түседі. Бірақ, онда оқудың мүмкіндігі болмайды. Осы кезде Қазақстанның әр жерінде патшаның “Июнь жарлығына” қарсы бас көтерген халықтың наразлығы ұлт-азаттық көтерілісіне ұласып кеткен еді. Әулиеатадағы осындай көтеріліске белсене қатысқан Тұрарды патша үкіметі тұтқынға алды. Ақпан төңкерісінен кейін ол қазақ жастарын революциялық жолға жұмылдырып, Қырғыз (қазақ) жастарының одағын ұйымдастырып, Әулиеата Кеңесімен тығыз байланыс жасайды. Кеңес өкіметі орнасымен Әулиата уездік Совдепі атқару комитетінің төрағасы болады. Бұдан кейін ол Түркістан республикасы Орталық Атқару комитетінің, РК(б)П Мұсылман бюросының төрағасы қызметін атқарады. Бір жыл ұлт

істері Халық комиссариатының Азербайжан республикасы бойынша өкілі болып, 1921 жылы РСФСР ұлт істері Комиссариатына қызметке ауысады. Онда ол әуелі жай қызметкер, алқа мүшесі, кейін халкомның екінші орынбасары болады. Коминтерн Атқару Комитетіне Шығыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметінде жүрген де оны Моңғолияға уәкіл етіп жібереді. Сонда бір жылдай болып, Қазақстанға келеді. Мұнда ол БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі, “Еңбекші қаза” газетінің жауапты редакторы қызметтерін атқарады. 1926 жылы оны Мәскеуге шақырады. Онда ол қашан қамауға алынғанша РСФСР Халық Комиссариаты Кеңес төрағасының орынбасары қызметінде болады. Тұрар қоғамдық-саяси қызметпен қатар теориялық мәселелермен де шұғылданған. Ол Орта Азия мен Қазақстанның кеңес дәуіріндегі тарихшылардың бірі әр қалам қарымы мықты журналист ретінде де танылды[1].

Тұрар Рысқұлов Коминтерннің жүктеген міндеттерін жүзеге асыру үшін өзінің қабілетін, күш - жігерін толық жұмсағандығы, аз мерзімнің ішінде әркімнің қолынан келе бермейтін іс тындырғандығы архив құжаттарнан айқын көрінеді. Осы құжаттарға көз жүгірткенде оның партия ісіндегі мол тәжірибесіне, жан – жақты білімділігіне, іскерлігіне, принциптілігіне тәнті боласың. Ол партия Орталық Комитетінің бастап бастауыш ұйымдарға дейін, Министрлер Кеңесінен бастап жеке министрлікке дейінгі үлкенді – кішілі барлық жұмыстарға араласып отырған. Ол партияның ұйымдық және идеологиялық мәселелері, мемлекеттік құрылыс істері, өнеркәсіп, сауда, қаражат мәселелері, партия, өкімет кадрларын дайындау, елдің сыртқы саясатын жүзеге асыру сияқты салалардың келелі мәселелерін шешуге үлес қосып отырғаны айқан. 1924 жылы Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметінің жаңа кезеңі басталады, ол халықаралық деңгейге шығады, өйткені ол Моңғолияға жұмысқа жіберіледі. Тұрар Рысқұлов өзіне жүктелген міндет бойынша келе салысымен Моңғол Халық партиясы және Жастар одағының арасындағы пікір таластың мәніне талдау жасап оның шығуы, барысы нәтижесі туралы қорытынды жасаған. Ол Моңғол Халық Республикасының тұңғыш Конституциясының жобасын жасауға белсене қатысып, оған елдің саяси өмірін демократияландыруға байланысты бірсыпыра маңызды ұсыныстар енгізді. Тұрар Рысқұлов МХР – дің тұңғыш Ұлы Хұралының барлық мәжілістеріне қатысып, онда талқылынған әр бір мәселеге зер сала қарап олардың дұрыс шешілуіне ерекше көңіл бөліп отырған[2].

Айта кету керек, Тұрар Рысқұловтың саясаткер ретінде қалыптасуы қатаң кластық күресу және патша режиміне социалистік идеяның қарсы тұруы жағдайында өтті. Большевиктің саяси платформасы буржуазиялық барлық көрінісін жоққа шығара отырып, интеллигенцияның алдыңғы қатардағы бөлігі арқалаған демократияның алғашқы ұшқындарының толық дамуына мүмкіншілік бермеді. Бірақ Тұрар Рысқұлов “қауызынан рационалдық дәнді айыруға” және өмірге демократиялық түсінімді тартуға ұмтылады. Бұл халықтың да, сол сияқты ұлттық буржуазияның өкілдерінің де қоғамды алдыңғы қатарлы етіп құруға бағытталған мүдделерін толығырық ескеруге мүмкіншілік туғызады. Демократиялық тұрғыда қалыптасқан интеллигенцияның ең көрнекті өкілі болған Тұрар Рысқұлов саяси жұмысының бас кезінде ақ, оның өзекті маңызды басымдылығын өзіне анықтап алған болатын – нақты жағдайға немесе шешуін тауып жатқан мақсаттардың сипатына күнделікті, тұрақты түрде көрініс тауып жатқан прогреске, жоғары патриотизмге және шынайы демократизмге ұмтылу. Тұрар Рысқұловтың саяси қайраткер ретінде қалыптасуы процесінде социалистік идеологияда басымдылық көрсетіп тұрған жаңа қоғам құру жолындағы әр түрлі халықтардың бірлігін нығайтатын принциптер үлкен рөл атқарады.

Негізінде, социализмнің идеяларымен және оның үш қитімен – қоғамды революциялық жолмен құру, пролетариаттың диктатурасының басшылығы және ұлт-азаттық қозғалыстың өсуі – тығыз ұштасқан тұлғаның өзін-өзі жетілдіру жүріп жатты. Социализмнің жалпы идеялық платформасы бастапқы кезден- ақ оның дүниетану ұстанымымен сәйкес келуі Тұрар Рысқұловтың саяси тұрғыдан өсуіне және оның саяси көзқарасының өзгермеуіне жақсы әсерін тигізеді. Егер ұлттық буржуазиялық мүдделерінің

сипаттарыни ескеретін болсақ – ал ол мақсаттылық пен болашаққа арналғаннан гөрі жағдай көп сүйенетінді – осының салдарынан көптеген саясаткерлер социализм диктатурасы идеясына қарсы күресушілердің қатарына шығумен шектеліп, өздерін тұлға ретінде көрсете алмады. Тұрар Рысқұловтың саясаткер ретіндегі қалыптасу жолдары, қоғамның прогрессивті өзгеруіне ұмтылған ұлттық буржуазиялық көптеген өкілдерінен гөрі әрі ауыр, әрі жеңіл болды. Біріншіден, жас саясаткердің қазақ халқының ең кедей тегінен шыққандығынан, ал, екіншіден, оның көптеген догмалардан алшақтығы мен өмірдің әр қырларынан теория тұрғысынан емес практикада өз басының жақсы білетіндігінің рөлі жоғары болды. Жас революционердің және болашақтағы белгілі саясаткерлердің кедейшілікпен жетімдік өмірдің ауыртпашылығын ерте кезден-ақ басынан өткіріп, ауыр сынақты басынан өткізгені, шынайы өмірдің ащылығымен, кейде қорлайтын және әр қашанда жоғалтумен байланысты ауырлығымен ерекшеленетін өз “университетінен” өткендігі белгілі. Тұрар Рысқұловтың еңбектерінде шаруашылық құрылысының мәселелері кеңінен орын алады. Оның зерттеуі үшін қаралатын мәселелердің тарихи – эконмикалық маңыздылығы алдыңғы қатарда тұрды, себебі оның шешімін дайындауда дамудың нақты кезеңін және сол аймақтың дәстүрімен болашағын ескеру қажет еді. Бұл, әсіресе, Қазақстан ауыл шаруашылығы дамуының мәселелерін қою мен шешу кезінде анық байқалады[3].

1927-1930 жылдар – Тұрар Рысқұловтың Орта Азия республикаларының түрлі ведомстволарының, үкіметтері мен жұртшылығының Түркістан – Сібір темір жолы құрылысы жөніндегі жұмыстарын үйлестірумен айналысқан қауырт жұмыстар кезеңі болды. Тұрар Рысқұлов басқарған Жәрдемдесу комитеті іс жүзінде осынау алып құрылыстың нағыз штабына айналды. 1930 – 1934 жылдары Тұрар Рысқұлов Ресей Федерациясының Экспорттық кеңесін басқарды. Т.Рысқұловтың ұсынысы бойынша 1933 жылы экспорттық жұмыс істеген кәсіпорындарды мамандандыру жүргізілді (бүгінгіше айтқанда – бұл бәсекеге қабілеттілік). Ол шетелге өткізу үшін аң терісін, зығыр және ағаш материалдарындайындауға ерекше назар аударды. Ол өнімдердің сапасына үлкен көңіл аударды, және былый деп жазды “ Жоспарды бір ғана сандық жағынан орындап қою жеткіліксіз, кей реттерде барлығын сапа шешеді, ал бір ғана сандық көрсеткіштерді қуалап кету нәтижесінде валюталық тиімділік бермейді. Қазір фин тәжірибесі осындай ”. Шаруасы қауырт бола тұра, ол туған жері Қазақстан туралы көп ойланып – толғанады, туған – туыстарынан хаттар алады, аштық туралы, қазақтардың қоныс аударып кетуі туралы естиді, Тұрар Рысқұлов Қазақстанда Голощекиннің басқаруымен жүргізілген жаппай коллективтендірудің тұрғылықты халық үшін сұмдық, қайғылы нәтижелеріне жаны қатты күйзеліп, Сталин мен оның айналасындағыларды бағытты өзгерту қажеттігіне сендіруге тырысты, бірақ сол нәтижесіз болды. Тұрар Рысқұлов И.Сталиннің қабылдауында болған кезде ВКП (б) Орталық Комитетінің қарауына ашаршылықты, қазақтардың көшіп кетуін тоқтату жөнінде бірқатар міндеттер қояды және олардың орындалуын бақылап отырады. Бұған Сталинге жазған 3 хаты айғақ, олардың басты идеясы қазақ ұлтының гендік қорын сақтау болып табылады. Тұрар Рысқұлов азап пен қиыншылыққа толы күрделі, бірақ сонымен бірге жарқын да өмір сүрген. Оның самғау шақтары мен қанатынан қайырылған кездері болды, бірақ ол әрдайым өз қалпынан айнымай. Сонау жастық шағынан алға қойған – өз халқына қызмет етсем деген мақсатына адал болды[4].

Тұрар Рысқұловтың қазақ халқы туралы айтқан қанатты сөздері. Қазақ–еті тірі, өз ісіне мығым, тәжірибеге сүйенген халық. Төзімділік, көнбістік, - қазақтың көбіне бірдей негізгі мінез. Т. Рысқұловтың қазақ халқының ұлттық мәдениетін зерттеп-зерделеудегі еңбектері әлі күнге дейін өзінің мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Тарихты тудыратын да халық, ұлттықты сақтап тұратын да халық дей келе, онда ұлттығымыздың келісті келбеті–ана тіл, діл, дін, салт-дәстүріміз екені анық. Алмағайып замандарда, алпауыт күштермен арпалыса жүріп алты алаштың азаттығын көкसेген арыстарымыздың аталы сөздері мен салиқалы пікірлері, батыл әрекеттері қазіргі таңда халықтық қазынаға айналуға[5].

Тұрар – кеменгер, күрескер, аса ірі мемлекет пен қоғам және партия қайраткері әрі теңдесі жоқ басшы, білгір экономист, ғалым, тарихшы, жоғары мәдениетті дипломат, заңгер, үлкен жүректі асыл азамат, жастардың шынайы қамқоры, асқан шебер публицист. Тұрар Рысқұловтың мемлекет және халық алдындағы атқарған еңбегі орасан зор. Ол – талант иесі және халық қамын ойлаған алаш қайраткері, табиғатынан ерекше туған жан. Ол өз заманында миллиондаған халықты апаттан аман сақтап алып қалу үшін ойланбастан жеке басын қатерге тіккен ұлы қайраткер. Оның қаламынан шыққан оннан астам кітап жарық көрген. Өмірдің өзекті мәселелеріне арнап жүзден астам проблемалық мақалалар жазды. Осындай қыруар еңбек тындырып, халқының бақыты үшін аянбай тер төккен асыл азаматты отаршылдық озбыр саясат өз халқына жер етіп көрсетіп, тәжірибесі молайып, кемеліне келген шағында мерт етті. Бірақ, халқы оның есімін ұмытқан жоқ және ұмытпайды. Қазір еліміздегі бірнеше қаланың көшесі, шаруашылықтар мен мектептер Тұрар Рысқұловтың есімімен аталады[6].

Әдебиеттер тізімі:

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым, Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған./ Құраст. Тоғысбаев Б., Сужиков А. Алматы. «Алматы кітап баспасы». 2008. 376 бет.
2. Әбілтайұлы М., Әділбаев Н. Тұрар Рысқұлов Моңғолияда. Алматы: Қазақстан, 1994, 84 бет.
3. Доғалов А. Тұрар Рысқұловтың эконмикалық көзқарастары. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013, 128 бет.
4. Сәбден О. Тұрар Рысқұлов. Орталық Азия мен Ресейдің аса көрнекті мемлекет қайраткері / Жауапты ред. ҚР ҰҒА академигі К.Н. Нүрпейісов. Алматы: ҚР БҒМ ЭИ, 2006., 58 бет.
5. Ұлт рухы: қанатты сөздер/ Е.Зәңгіров. Алматы: «Арна- б», 2015., 160 бет.
6. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: Оқу құралы / Құраст.М. Жолдасбекұлы, Қ. Салғараұлы, А.Сейдімбек. Астана «Күлтегін», 2012, 296 бет.

Аннотация: Турар Рыскулов – великий сын казахского народа, который боролся за светлое будущее казахского народа и мечтал о мирном небе, он один из отважных сынов Алаш который пожертвовал своей жизнью ради независимости казахского народа. Несмотря на страдание сиротства и бедности он был верен своей цели служит своему народу. Турар Рыскулов сыграл немаловажную роль в жизни страны и народа. Он был талантлив и отличался от других своим характером и нравами. Он рисковал своей жизнью, чтобы спасти миллионы людей от голода в свое время. Колониальная политика благородного гражданина, который так много сделал для счастья своего народа, показала его перед народом в плохом свете и умер он в эпоху своего совершенства. Но люди не забывают его имя и не забудут его.

Abstract: Turar Ryskulov-the great son of the Kazakh people, who fought for the bright future of the Kazakh people and dreamed of a peaceful sky, he is one of the brave sons of Alash who sacrificed his life for the independence of the Kazakh people. Despite suffering orphanhood and poverty he was faithful to his goal of serving his people. Turar Ryskulov played an important role in the life of the country and people. He was talented and different from others in his character and morals. He risked his life to save millions of people from starvation in his time. The colonial policy of the noble citizen, who had done so much for the happiness of his people, showed him to the people in a bad light, and he died in the age of his perfection. But people do not forget his name and will not forget it.